

«Жас Дарын-2» бастауыш мектебі

№3 Хаттама

«01» 01 2024 ж.

Барлығы- 40
Қатысқандар- 40

Күн тәртібі:

1. II тоқсан қорытындысы (диагностика, мониторинг).
2. Оқушылар арасында құқық бұзушылықтың, діни экстремизмнің алдын алу бойынша жұмыс барысы.
3. II тоқсан барысында ұйымдастырылып өткізілген тәрбие жұмыстарының қорытындысы:

1. Тыңдалды: 1. «Жас Дарын-2» бастауыш мектебінің 2023-2024 оқу жылының II тоқсандық қорытындысы (диагностика, мониторинг).

1. Сөйледі: 1. Бекмахан Арайлым Нұрлыханқызы – директордың оқу істері бойынша орынбасары.

Бекмахан Арайлым Нұрлыханқызы күн тәртібіндегі I мәселе, 2023-2024 оқу жылының II тоқсанында оқушылардың және мектептің білім сапасы жайында сөз бастады. Ол қатысушыларға бірінші кезекте мемлекеттік білім беру стандарттарына сай, сапалы білім беру қажет екендігін баса назарға ұстауды ескерте келе, II тоқсанның қорытынды нәтижелерін келесі бөлімдерге бөлді:

1. II тоқсан бойынша 2 А, 2 Ә, 2 Б, 2 В, 2 Ғ, 2 Д, 3 А, 3 В, 3 Б, 3 Д, 4 А, 4 Д, 4 Б сыныптарының үлгерімі
2. II тоқсан бойынша жалпы мектептің қорытынды нәтижелері.

Сынып	Оқу жылы	Апта нөмірі	Оқушылар										Орт. балл	Жалпы балл сип. %	Жалпы ОБД (%)		
			Барлығы			АТБЖЖН			Төртінші көрсеткіш			Төртінші көрсеткіш					
			Барлығы	%	АТБЖЖН	Барлығы	%	Барлығы	%	Барлығы	%	АТБЖЖН					
2 А	қаз	19	3	15,79	Байзақ Р. Қынат Ә. Самархан Н. Алтай Д. Алымкул Д. Жандарбек Д. Кәрібай Т. Алмамбет А. Алтынбек Н. Бақытжанұлы А. Рахымбергi Р.	8	42,11	8	42,11	0	0	4,05	57,89	65,61			
2 Ә	қаз	18	4	22,22	Алтынбек Д. Жандарбек Д. Кәрібай Т. Алмамбет А. Алтынбек Н. Бақытжанұлы А. Рахымбергi Р.	10	55,56	4	22,23	0	0	4,26	77,78	69,26			
2 Б	қаз	17	4	23,53	Алмамбет А. Алтынбек Н. Бақытжанұлы А. Рахымбергi Р.	9	52,94	4	23,53	0	0	4,22	76,47	68,43			
2 В	қаз	14	2	14,29	Еркін А. Сәбіжан Д.	7	50	5	35,72	0	0	4,05	64,29	65,76			
2 Ғ	қаз	15	3	20	Арапов С. Әміре Н. Ибраһим Ә.	5	33,34	7	46,66	0	0	4,06	53,33	66,11			
2 Д	-	21	7	33,33	Асан А. Ашымов Ж. Бөксенов Б. Дарқан Н. Дауренбаев Д. Жақыпғали Н. Жылыбайдар К.	6	28,57	8	38,09	0	0	4,18	61,9	68,31			
2 Параллель			104	23	21,53		45	43,75	36	34,72	0	0	4,14	65,38	67,25		
3 А	қаз	18	3	16,67	Асан Ш. Әміржан А. Раматұла Н. Айтқоджа Н. Аманас Н. Ауесов А. Кешікбай А. Мамат А. Рахымбергi А.	7	38,89	8	44,44	0	0	4,05	55,56	66,42			
3 Б	қаз	24	6	25	Асан Ш. Әміржан А. Раматұла Н. Айтқоджа Н. Аманас Н. Ауесов А. Кешікбай А. Мамат А. Рахымбергi А.	9	37,5	9	37,5	0	0	4,29	62,5	71,41			
3 В	қаз	12	3	25	Ғәни А. Әмірсары Д. Әмірсары Д.	5	41,67	4	33,33	0	0	4,01	66,67	65,67			
3 Д	орыс	8	1	12,5	Жарқынбек А.	4	50	3	37,5	0	0	4,32	62,5	72			
3 Параллель			62	13	19,79		25	42,02	24	38,19	0	0	4,17	61,29	68,88		
4 А	қаз	19	3	15,79	Байқасымов Е. Байзақ А. Самархан Ж. Алтынбек А. Қынат Е.	9	47,37	7	36,84	0	0	4,05	63,16	66,39			
4 Б	қаз	14	2	14,29	Алтынбек А. Қынат Е.	7	50	5	35,71	0	0	4,18	64,29	68,88			
4 Д	орыс	16	2	12,5	Жұман С. Мұрағалиев Е.	7	43,75	7	43,75	0	0	4,14	56,25	68,45			
4 Параллель			49	7	14,19		23	47,04	19	38,77	0	0	4,12	61,22	67,91		
Бастауыш білім беру			215	43	18,5		93	44,27	79	37,23	0	0	4,14	63,26	68,01		
Мектеп			215	43	18,5		93	44,27	79	37,23	0	0	4,14	63,26	68,01		

II тоқсан бойынша 2 А, 2 Ә, 2 Б, 2 В, 2Г, 2 Д, 3 А, 3 В, 3 Б, 3 Д, 4 А, 4 Д, 4 Б сыныптарының үлгерімі

1. 2 А сыныбының II тоқсандық үлгерімі - 57,89 %
2. 2 Б сыныбының II тоқсандық үлгерімі – 76,47 %
3. 2 В сыныбының II тоқсандық үлгерімі – 64,29 %
4. 2 Д сыныбының II тоқсандық үлгерімі – 61,09 %
5. 2 Ә сыныбының II тоқсандық үлгерімі – 77,78 %
6. 2 Г сыныбының II тоқсандық үлгерімі – 53,33 %
7. 3 А сыныбының II тоқсандық үлгерімі – 55,56 %
8. 3 Б сыныбының II тоқсандық үлгерімі – 62,5 %
9. 3 Д сыныбының II тоқсандық үлгерімі – 62,5 %
10. 3 В сыныбының II тоқсандық үлгерімі - 66,67 %
11. 4 А сыныбының II тоқсандық үлгерімі - 63,16 %
12. 4 Д сыныбының II тоқсандық үлгерімі - 56,25 %
13. 4 Б сыныбының II тоқсандық үлгерімі – 64,29 %

II тоқсан бойынша жалпы мектептің қорытынды нәтижелері.

2023-2024 оқу жылының II тоқсанында мектептің білім сапасы төмендегідей:

Орташа балл: 4,14

Жалпы білім сапасы: 63,26 %

Жалпы ОБД: 68,01 %

II тоқсандағы мектептің білім сапасы қанағаттанарлық.

2. Тыңдалды: 2. Оқушылар арасында құқық бұзушылықтың, діни экстремизмнің алдын алу бойынша жұмыс барысы.

2. Сөйледі: 1. Бекмахан Арайлым Нұрлыханқызы – директордың оқу істері бойынша орынбасары.

Мектебімізде оқушылар арасындағы құқық бұзу және діни экстремизм фактісі бойынша 2023-2024 оқу жылының II тоқсанында ешқандай жайт орын алған жоқ. Мектебіміз бастауыш мектебі болғандықтан, балаларымыз ата-аналарының қатаң бақылауында және мектеп тарапынан директордың тәрбие істері бойынша орынбасары Айвазов Исраил Микайлоглы оқушылар және ата-аналармен түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

Сол баяндамадан үзінді:

Құқықтық тәрбие дегеніміз не? Құқықтық тәрбие дегеніміз – бұл Құқықтық білім беру – нақты айтсақ, құқықтық білім беру арқылы құқықты ұғынады және оның санасы қалыптасып, дамиды. Құқықты ұғынумен қоса, тұлғаны заңды құрметтеуге, қорғауға, орындауға дағдыландыру. Аталынған белгілер оқушыларды құқықтық тәрбиелеу негізінде отбасынан және мектеп табалдырығынан бастап жүзеге асады. Құқықтық мәдениеттің негізгі белгілері: заң нормаларын білу, заң нормаларын орындау: заң нормаларын бұзбау; заң күшіне сену және т. б. Құқықтық мәдениеті дамыған тұлға- құқықтық мемлекеттің үлгілі азаматы болады деп сенеміз. А. С. Макаренконың: «анағұрлым қиын тиетін қайта тәрбиелеу жұмысына оралмау үшін, әуелден дұрыс тәрбие беруге тырысу керек» деген пікірін ұмытпағанымыз жөн болар. Құқық пен тәрбиенің өзара байланысты әрекеті негізінен жанама түрде тәрбиеге араласқан ата-- аналар мен ұстаздар арқылы іске асырылады. Құқықтық тәрбиені жүзеге асыруда қойылатын талаптар қандай? — Әрине бұл Заңдарды білу. Бала мен ата-ананың құқықтары мен міндеттері білгіленген заңдар – бұл

1. Бала құқығының Декларациясы
2. ҚР бала құқықтары туралы Заңы
3. ҚР Конституциясы
4. Білім туралы Заң
5. Неке және отбасы туралы Заң
6. Балалар құқығының Конвенциясы

7. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодекс

Сонымен қатар бұл құжаттарда баланың құқығымен бірге ата-ананың міндеттері де көрсетілген. Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Қазақстан-2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің саяси бағыты» жолдауы–еліміздің дамуына сонны серпін беретін жаңару стратегиясы. Жаңа кезеңдегі ел саясатының маңызды бағытының бірі – жас ұрпаққа заманына сай білім мен тәрбие беру мәселесі. Сондықтан да Ұлт көшбасшысы «Бала тәрбиелеу – болашаққа ең үлкен міндет, балаларымызға жақсы білім мен саналы тәрбие беруге ұмтылуымыз керек» - деп, атап көрсетті.

Балаларымыздың бойында саналы тәрбие қалыптастыру үшін отбасы мен мектеп серіктестігі қажет.

Токсан аралық демалыстарда оқушылар мектептен жырақ кетуіне байланысты оқушылар арасында құқық бұзушылық пен діни экстремизмнің алдын алу шарасы ретінде ата-аналармен кездесу өткізілсін.

3. Тындалды: 3. II тоқсан барысында ұйымдастырылып өткізілген тәрбие жұмыстарының қорытындысы.

3. Сөйледі: 1. Бекмахан Арайлым Нұрлыханқызы – директордың оқу істері бойынша орынбасары.

Бекмахан Арайлым Нұрлыханқызы күн тәртібіндегі 3 мәселе, II тоқсан барысында ұйымдастырылып өткізілген тәрбие жұмыстарының қорытындысы бойынша сөз бастады. Тәрбие, тәлім-тәрбие – жеке тұлғаның адамдық бейнесін, ұнамды мінез-құлқын қалыптастырып, өмірге бейімдеу мақсатында жүргізілетін жүйелі процесс. Тәрбие дегеніміз – ата-анамыздың беріп отырған тәлімі. Егер ата-ана «үлкендерді сыйла, - өтірік айтпа, адамдарға көмектес» десе, бұлжытпай орындау керек. Жалпы тәрбиенің мақсаты адамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген ұрпақ тәрбиелеу.

Міндеттері:

1. Ата ананың өсиетін тыңдауға,отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге,перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.
2. Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін,мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келсім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.
3. Жақсылыққа игілікке бой түзеуге абыройлы болуға ар ұждан намыс,жауапкершілік мейірімділік қамқорлық пен әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.
4. Денсаулықты қадірлеуге,салауатты өмір салтын ұстануға ойдың тазалығын және эмоцияналды тұрақтылыққа баулу
5. Табиғатқа,табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу

2-тоқсан бойынша 1-4 сынып оқушыларымен өткізілген тәрбие жұмысы жоспары:

Р/с	Тәрбие үрдісі		Тақырып	Формасы	Мерзімі	Қосымша
	Құндылық	Бағыт				
1	Ар-ұят	Сөзіне берік ісіне адал	Сенім адал қызметпен өлшенеді	Әңгіме сабақ	06.11.2023 ж	
2	Талап	Уақыт пен қаржыны тиімді жоспарлау	Теңге ұлт - мақтанышы	Пікір алмасу	13.11.2023 ж	
3	Ұлттық мүдде	Ұлттық мұраға ұқыпты қарау	Ұлттық мұра ел мақтанышы	Танымдық сабақ	20.11.2023 ж	
4	Ар -ұят	Отбасының	Адам бойындағы	Танымдық	27.11.2023	

		өз ортаңа абыройын асыру	асыл қасиеттер	сабақ	ж	
5	Талап	Білуге жаңаны тануға құштар болу	Тәрбиелік мәні бөлек тыйым сөздер. Жолды тағы қай жерден кесіп өтуге болады? ЖЖЕ	Пікір алмасу	04.12.2023 ж	
6	Ұлттық мүдде	Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға ат салысу	Тәуелсіздік тұғырым	Өңгіме сағат	11.12.2023 ж	
7	Ар - ұят	Әдеп нормаларын ұстану	Қош келдің, Жаңа жыл!	Тәрбие сағаты	25.12.2023 ж	

04.12.2023 жылы 2 «Ә» сынып жетекшісі Билдебаева Фарида «Тәрбиелік мәні бөлек тыйым сөздер» тақырыбы аясында тәрбие сағатын өткізді. Сабақ пікір алмасу түрінде жүрді. Мақсаты: Оқушылардың бойына еліміздің ата-салтын, адамгершілік асыл қасиеттерін бойларына сіңіру арқылы, үлгі-өнеге алуға баулу.

Тыйым сөздер – ата - бабаларымыз баланы бесіктен жақсы әдеттерге баулыған. « Үлкенді сыйла», « Сәлем бер, жолын кесіп өтпе», деген ұлағатты сөздердің мәні өте зор. Жақсы адамгершіліктің қасиеттердің түп негізі отбасында қалыптасатыны белгілі. Тыйым сөздер адамгершілік қасиеттерді ізгілікпен ұштастырады. Тыйым сөздер арқылы дұрыс дағдылар мен өзін - өзі ұстау дағдыларының нормалары, ұйымдағы, сыныптағы отбасындағы қарым - қатынас мәдениетінің тұрақтылығын қалыптастырады.

Тыйым сөздер:

1. Нанды баспа, нанды бір қолыңмен үзбе, нанның үстіне зат қойма. Бұл сөздерде нан қасиетті тағам, ас атасы нан екені түсінікті.
2. Тұзды шашпа. Тұз ащы, ащы нәрсені шашуға болмайды, әрі тұз да қасиетті тағам, тұзсыз тағамның дәмі болмайды.
3. Бас киіммен ойнауға болмайды, бас киімді жоғары қою керек.
4. Босағаны керуге болмайды.
5. Табалдырықта тұруға және табалдырықты басуға болмайды.
6. Үйге жүгіріп кіруге болмайды.
7. Түнде суға баруға болмайды.
8. Малды тебуге болмайды.
9. Бос бесікті тербетуге болмайды.
10. Көпшіліктің ортасында есінеуге, қатты жөтелуге, қатты түшкіруге болмайды.
11. Пышақ пен ойнауға болмайды.
12. Құстың ұясын бұзуға болмайды.

Тыйым сөздер арқылы қарапайым әдеттерді тәрбиелей отырып, баланың бар істі шын пейілмен, әрі саналы атқаруына қол жеткізеді, яғни сыртқы ұнамды мінездері оның ішкі жан дүниесін айқындайды.

Тыйым сөздер негізінде адамның мінез - құлқы қалыптасады. Тыйым сөздер арқылы ар - ұят, өзін-өзі бағалау және адамгершілік сапалары дамиды. Мұның өзі мейірімділікке, ізгілікке шақырады. Тыйым сөздер арқылы тағамды қадірлеу, күнделікті өмірде кездесетін жағдаяттарды ескеру, төрт түлік малды қадірлеу. Мәдениеттілікке, адамгершілікке тәрбиелеу.

Адамзаттық құндылықтар бала бойына іс - әрекет барысында, әртүрлі ойындар, хикаялар, ертегілер, қойылымдар арқылы беріледі.

Қазақ халқы осындай ырымдар мен тыйым сөздер арқылы ұл-қыздарын оғаш та осал қылықтарын сынап, тыйым, тәртіпке салып, тәрбиелеп отырған.

Халқымыз ғасырлар бойы даланың қатал табиғатымен бетпе-бет келгенде, шапқыншы жаумен шайқасқанда, бейбіт өмірдің тірлігінде жинақталған бай тәжірибесінен көрген-түйген қорытындысы ретіндегі тыйым сөздердің ұрпақ тәрбиесінде қазір де мәні жойылған жоқ. Ізгілікті аңсаудан туған ырымдар, бәле-жала кесапаттан сақтандыратын тыйымдардың тәрбиелік мәні өте зор.

Бір сөзбен айтқанда салауаттылық, білімділік жеке адам үшін емес, ел тағдыры, ұлттың, заман тағдыры, қоғам тағдыры іспеттес. Ырымдар мен тыйымдар адамдардың бір-бірімен қарым-қатынасын, табиғатқа, қоршаған ортаға берілген тұжырым, түйінделген қағида. Ырымдар мен тыйымдар халық арасында ерте кезден қалыптасып, бүгінгі күнге дейін жетті. Әрбір тыйым бекер айтылмаған, әрқайсысының тәрбиелік мәні бар, оқушылар үшін ереже болып табылады. Халық жастарды өзінің осы ырымдар мен тыйымдар арқылы тәрбиелеп, дұрыс жолға салған, қателігін бетіне басқан.

Халықтың тәрбие құралдары мен тыйымдарын жүйелі түрде пайдаланып, сөзіміздің қадірін арттыру өз қадірімізді арттырумен бірдей. Аталарымыз бен әжелеріміз бұрыннан айтып отыратын ескертпелер.

Мектебімізде өткізілген іс-шараларға тоқталсақ:

1. 2023-2024 оқу жылының ІІ тоқсанында «Жас дарын-2» бастауыш мектебінде 16-желтоқсан тәуелсіздік күніне орай 2-3-4 сынып оқушылары арасында кітап оқуға құштарлығын арттыру мақсатында 12.12.2023 жылы оқу жарысы ұйымдастырылды. Шығарма тақырыбы «Ер Төстік» қиял - ғажайып ертегісі болып бекітілді. Осы аталған шығарма аясында тест жұмыстары алынып, орын иегерлері анықталды. Яғни, 1-орынды 2 Б сынып оқушысы Рахымберді Райана, 2-орынды 3 а сынып оқушысы Амантай Ахмет, 3-орынды 3 Б сынып оқушысы Рахымберді Айсұлтан мен 3 В сынып оқушысы Өмірсерік Дінмұхаммед иеленді.
2. «16-қазан Тәуелсіздік күніне орай» «Жас Дарын-2» бастауыш мектебінде 13.12.2023 жылы сағат 10.00 –де «Сен неткен бақытты едің, келер ұрпақ?!» атты ғылыми-шығармашылық байқауы өткізілді. Байқаудың мақсаты мектеп оқушыларын ғылыми жұмыстармен шұғылдануға баулу. Ғылыми-шығармашылық байқауға 2-3-4 қазақ -орыс сынып оқушылары қатысты. Байқау қорытындысы бойынша 1-орынды 4 Б сынып оқушысы Қынат Ерен, 2-орынды 3 Б сынып оқушысы Айтходжа Нұрмұхамед, 3-орынды 2 Ә сынып оқушысы Алымкул Даниал иеленді. Атқарылған іс-шараларда орын иегерлері арнайы мектеп әкімшілігі тарапынан сыйлықтармен марапатталды.

Сонымен қатар, мектебіміздің 1-сынып оқушылары арасында «Рақмет, саған әліппе!» атты ертеңгілігі төмендегі кестеге сәйкес өткізілді:

р/с	Сыныбы	Өткізілетін күні	Уақыты	Жауапты
1	1 А	25.12.23	09:30	Назарова Н.
2	1 В	25.12.23	10:30	Талғатқызы А.
3	1 Ә	26.12.23	09:30	Тагибаева А.
4	1 Б	26.12.23	10:40	Налибаева О.
5	1 Д	26.12.23	11:30	Мамедова Н.

«Жас Дарын-2» бастауыш мектебі бойынша II тоқсан барысында ұйымдастырылып өткізілген соңғы тәрбие жұмысы «Жаңа жыл-2024» атты мерекесіне арналған танертенгілік. Жаңа жыл мерекесін өткізу балалардың денсаулығына, өміріне қарсы қауіпсіздік ережелеріне сәйкес, барлық шектеу шараларын ескере отырып, соның ішінде Аяз ата мен Ақшақар, сондай-ақ агенттік аниматорлар және басқа да жаңа жылдық кейіпкерлерді шақыруға тыйым салуын ескерілді.

Күн тәртібіндегі мәселелерді талдай келе, келесі мұғалімдер өз пікірлерін білдіріп, бір шешімге келді.

Дуйсекулова Гулжан Кендеровна: күн тәртібіндегі 1 - мәселе бойынша толықтай келісемін. II тоқсан қорытындысы бойынша, мектептің білім сапасын көтеру мақсатында оқушылармен жеке жұмыстар жүргізу арқылы қол жеткізуге болатын мүмкіндіктерді қарастыру қажет.

Абилкасимова Молдир Нуралиевна: күн тәртібіндегі 2-мәселе бойынша толықтай келісемін. Мектебіміз бастауыш сынып мектебі болғандықтан, оқушылар арасында құқық бұзушылық жағдайлар, діни экстремизмге бағытталған іс - әрекеттер орын алған емес. Әр тоқсан аралық демалыс уақыттарында, алдағы жазғы демалыс уақытында, балалар үнемі ата – аналарының қатаң бақылауында болады. Сонымен қатар, әр сынып жетекшілері ата – аналармен тәрбиелек мақсатта түсіндіру шараларын жүргізіп, оқушылар әрдайым бақылауда болуы қажет.

Билдебаева Фарида Толендиевна: күн тәртібіндегі 3-мәселе бойынша толықтай келісемін. Оқушылармен өткізілген тәрбие жұмыстары жоғары деңгейде өткеніне сенімдімін. Мектебімізде жоғарыда ұйымдастырылған ғылыми-жобалардың, басқа да оқушыларды оқуға баулитын іс-шаралардың жиі болғанын дұрыс деп есептеймін.

Ұсыныс:

1. 2023-2024 оқу жылындағы II тоқсанның қорытындыларын ескере отырып, «Жас Дарын-2» бастауыш мектебінің 2023-2024 оқу жылының II тоқсандық қорытындылары қанағаттанарлық деп табылсын.
2. «Жас Дарын-2» бастауыш мектебінде құқық бұзушылық фактілерінің болмағанын ескере отырып, тәрбие жұмыстары қанағаттанарлық деп табылсын және тоқсан аралық демалыс кезінде балалардың ата-аналардың қарамағында болатынын ескеріп оқушылар арасында құқық бұзушылық пен діни экстремизмнің алдын-алу мақсатында ата-аналармен кездесу ұйымдастырылсын.
3. II тоқсан барысында ұйымдастырылып өткізілген тәрбие жұмыстары өз дәрежесінде өтілді деп табылсын. Алдағы уақытта да оқушыларды тәрбиелеу, білімге құштарлығын арттыру мақсатында іс-шаралар ұйымдастырылсын.

Мектеп директоры
Хатшы



Б.М.Шеримов
Н.Заурбекова